

БАЛАҒА  
ЖАСАЛҒАН  
ҚАМҚОРЛЫҚ  
ЗАЯ КЕТПЕЙДІ

2-бет

АЛАЯҚТЫҚ:  
ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ӨТЕУІ АУЫР

6-бет

«АТАМАННЫҢ  
АҚЫРЫНЫҢ»  
АСТАРЫ

8-бет


# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№12 (3543) 14 ақпан 2023



СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Ералы ШОҚБАРОВ,  
Қазақ құрылымы және сөзлет  
тылыми-зерттеу және жобалау  
институтының өндіріс жөніндегі  
басқарушы директоры:

«СЕЙСМИКАЛЫҚ  
АЙМАҚТА ҚАРЖЫ  
ЕМЕС, ҚАУПСІЗДІК  
БАСТЫ ОРЫНДА»

— Ералы Мейрамбекұлы, Тур-  
ция мен Сириядың жер сіл-  
кінісінен кейін сіз жетекшілік  
еттін институттың жұмысына  
деген қызығушылық күрт есken  
сияқты. Қөшпелікті не қызықты-  
рып жатыр?

— Зілзала болғаннан кейін бұйту  
керек еді, сілтүн керек еді дұрыс  
емес. Апарттың алдын алу керек. Бұл  
жұмыстың біз күнделікті жасап отырмыз.  
Әрдайым зілзала кезінде қапы қалмас  
үшін алдын ала құрылымы нормалары-  
на түрлі өзгерістер енгізіп отыруға  
тырысамыз. Эрине мына жағдайдан  
кейін біздің жасап жатқан ғылыми жұ-  
мыска билік органдары мен мекемелер  
бұрынғыдан да кебірек көніл бөлөтін  
шығар деп ойлаймыз. Мәселен, 2010  
жылы құрылымы саласында Еурокодты  
енгізу бойынша реформа жүргізілді.  
Оны бірден енгізген жоқтыз. Құрылымы  
басында жұмыс жасайтын конструктор,  
архитекторлардың нормамен танысуы-  
на 5 жыл уақыт бердік. 2015 жылға  
дейін құрылымы нормалары жасалынып,  
2015-2020 жылдары бейімдеу жұмысы-  
сы жүргізілді. Ал 2021 жылы ескірген  
барлық құрылымы нормаларының күші  
жойылды. Соңдай-ақ, біз тек құрылымы  
нормасына өзгеріп енгізіп қоймай, түрлі  
халықаралық ғылыми конференция-  
ларға қатысамыз. Онда өз жұмысымызды  
баска елдермен болісіп, олардың  
жасап жатқан дүниелерінің керегін  
өзімізге аламыз. Атап айтқанда, бізде  
7 ақпандың «Сейсмикалық аймақтағы  
индустриалдық құрылымы» деген тақы-  
рыпта халықаралық конференция  
өтті. Оған ТМД мемлекеттерінен ғана  
емес, АҚШ, Италия, Германия, Туркия  
сияқты мемлекеттерден де спикерлер  
шакырдық. Бүгін таңда сейсмикалық  
аймақтағы құрылымының бар Еуро-  
код-1998 құрылымы нормасына негіздел-  
ген. Жаңа нарсени енгізген кезде бізде  
күмәнданышылар да болды.

— 2000 жылдан бері еліміз-  
дегі тұрғын үй бағасы 20 есеге  
жынық қымбаттауына құрылымы  
саласына енгізілген еурокодтың  
әсері бар ма?

— Бұл еурокодтың әсері деп ойламай-  
мын. Әлем бір орнында тұрған жоқ қой.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ТАҢДАУ ЖАСАУДА ҚАТЕЛЕСПЕЙІК!



Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу 20 қаңтарда басталып, 18 ақпандың жергілікті уақыт бойынша сағат 18-де аяқталады. Кандидаттарды ұсыну 20 қаңтарда басталып, 8 ақпандың жергілікті уақыт бойынша сағат 18-де аяқталады.

Мәжіліс депутаттарының 70 % және облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының жартысы партиялар тізім бойынша сайланады. Олардың құқығы саяси партияларға тиесілі. Мәжіліс депутаттарының 30 пайызы және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының барлық депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Оларды ұсыну құқығы: саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, соңдай-ақ, жарғыда тиисті екілдептің көзделген жағдайда олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) тиесілі азаматтар өзін-өзі ұсыну.

(Соңы 3-бетте)

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫФЫ

## «ЗАҢҒА ТУСІНІКТЕМЕ» ЕРИККЕННИҢ ЕРМЕГІ МЕ?

«Заң газетінің» откен сандарының бірінде «Заңның аудармасына атусті қарамаған абызлар немесе мемлекеттік награда қалай мемлекеттік әшекейге айналды» деген атпен мақала жарық көрген болатын. Мақала авторлары запастағы полиция генерал-майоры М.ҚЫЗЫЛОВ пен запастағы полиция полковнігі Е.СЕРІМОВ жазған мақала Заңнама және құқықтық ақпарат институтының порталында жарияланған Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне берілген түсініктемеге базына айтылған.

«Заңның қазак тілінде жасалған ұсынылған жиек қолданылмайды деп оны осынша деңгейде көрлауға бола ма?» деп ашынған авторлар реніші орынды. Өйткені, түсініктемеге пайдаланушыға жөн көрсетпейді, керінше шатастырады. Түсініктемедегі «құлымыстық» деген сөздің сөз расында «правонарушение» деген сөздің

баламасы емес. Бұл біріккен сез ресми түрде лексиконымызға құқықбұзушылық деп кіргелі кашан. Терминология комитеті де осылай бекіткен. Бірақ түсініктемен дайындаған жиырма зангер құжатта «құлымыс» деп бір емес, 816 рет атаған. Сол секілді «награда» деген сөздің де терминологиялық комитет бекіткен «мар-

пат» деген баламасы бұрмаланып, «әшекей» деген атаумен ұсынылған. Біздің мәртебелі зангерлер қауымы мұны білмей ме, әлде білгісі келмей ме? Әлде расында мақала авторлары айтып отырғандай қазактілді ұнқасы сирек қолданылады деп ойлай ма? Егер соңысы болса, шетелден келген қандастар мен ауылдан шықкан отандастарымызды мүлде адам санатынан шығарып тастағаны фой. «Ет сасыса туз себеміз, тұз сасыса не себеміз» дегендегі бұған не айтарымызы білмей тұрмыз. Басқалар осында шаруа істеп жатса білмеді фой дерміз. Ал зангерлердің заңға қайшы әрекетін қалай ақтауға болады?

Ең таңқаларлығы, шалажансар түсініктеме мұндай қателікке жол бермеуі тиіс,

зандылықтың сақталуына мүдделі болуы тиіс «Заңнама және құқықтық ақпарат институтының» порталына қалай жарияланған? Қалайша бір сәтте миллиондаған адам кіріп, ақпарат іздештің портал материалы назардан тыс қалған? Осы сұрағымызды мекеме басшысы Рамазан Сәрпековке койған едік.

Онын айтуышына, бұл түсініктеме Әділет министрі Марат Бекетаевтың басшылығымен атқарылған жұмыс. Яғни, оны порталға осы министрлік жаһындағы Заң департаментінің бастығы ресми хатпен жолдаған соң 2021 жылы 12 желтоқсанда жарияланған. Порталға жылына 50-60 түсініктеме жарияланады. Оның базасында қазіргі таңда 1 млн 300 мыңға жыл мәлімет бар. Олардың мазмұнына тек авторлар жауап береді. Қазір осында түсініктемелердің олар кітап етіп басып, шығарып, сата алады. Ал Заң шығару және құқықтық ақпарат порталында олар тегін шығарады. Сондықтан бұған Әділет министрлігі де Заң шығару және құқықтық ақпарат институты да емес, авторлар жауап береді.

(Соңы 2-бетте)









## ПАЙЫМ

Қоғамда алаяқтық оқыншылар санаты азаяр емес. Бұгінгі таңда оның сипаты өзгеріп, интернетке, әлеуметтік желілер мен банк қосымшаларына да ене бастады. Бөтеннің мүлкін жымқыру ежелден халықтық таным-түсінікте де, әділ төрелікте де үлкен қылмыс есебінде айыпталады. Қазақ баласына «біреудің ала жібін аттама, ұрлық жасама, елді алдама» деп осиет, аманат еткен. Алайда, бүгінгі алаяқтық тамыры үзілмей келе жатқан гасыр дерти.



## АЛАЯҚТЫҚ: ҚЫЛМЫСТАҮІ ӨТЕУІ АУЫР

Жалпы, ҚР Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық істің сипаты мен деңгейі сараланды. Алаяқтықты бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе біреудің сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлкіне ие болу дейіміз. Соңғы жылдарда осы санаттағы қылмыстардың артуына байланысты жаза қатаандады. Алайда, өкінішке қарай оның сипаты да өзгеріп, алаяқтық көп ретте интернет қылмыстарға ұласти. Бүгінгі таңда сотқа кепіл жатқан қылмыстар интернет арқылы біреудің мүлкін жымқыру, қаражатын иемдену, әртүрлі қаржылық пирамидалар, біреудің есепшоттарындағы ақшана алаяқтық жолмен өзге біреуге немесе өзіне аудару секілді қылмыстар. Бұл санаттағы қылмыстарды жасайтындардың жас ерекшелігі мен жынысында да айырма болмай қалды. Қазіргі уақытта алаяқтықпен жастар да, орта жастағарлар да, әйел адамдар да, балалар да айналысатын болды. Бірақ, ҚР зандарды әркез жаза басушыларға «алматың да салмағы барын» ескертеді. Мәселен, алаяқтық қылмыстар ҚР Қылмыстық

кодексінің 190-бабында мүлкі тәркіленіп, 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппул салуға не сол мөлшерде түзуе жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланды. Алаяқтықтың сипаты өзгергенін сөз басында айттық, бұл қылмыс сонымен қатар топтық сипатта да жасалытын ескерген жөн. Ол адамдардың алдын ала сөз байласуы немесе шендінің өз қызыметін асыра пайдалануы, мемлекеттік сатып алуар мен тендерлер айналасындағы алаяқтықтар негізінде жүзеге асып жүр.

Егер айыпталуышы осы санатқа жатқызылса, онда оның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызыметтің айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып не 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппул салуға не сол мөлшерде түзуе жұмыстарына не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға

дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланды. Қазақ «Дәніккенен құнықкан жаман» – дейді. Өкінішке қарай, жастардың оңай табысқа бірден кенелгісі келетіні, әйел адамдардың сенімге тез кіртіні олардың алдағы бақытсыздықтарына себепкер болуда. Женіл жолмен келген ас таңынан тез еткенімен, оның ертегі сұрауы бірнеше жылдардың өтеуіне кететін өкінішті. Осы түрғыда, қарапайым азаматтарға да жеңіл жолмен ештеңенің келе қалмайтынын, банктер ешқашан төмendetілген пайызбен, кезексіз несиелер немесе баспана бере қоймайтынын түсінетін кез келді. Кезек жылжыту, таныс арқылы тесттерді сатып алу немесе алаяқтық санатына жататын өзге де қылмыстардың соны ауыр жазаларға алып келетінін түсінетін үақыт тұды.

**Эльмира УРУНБАСАРОВА,  
Алакөл аудандық сотының  
судьясы  
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ**

## ПРОБАЦИЯ

## ЕКІ ЖАҚТЫ КЕЛІСІМ ОҢ НӘТИЖЕ БЕРМЕК



Түркістан қалалық пробация қызметі мен қалалық ішкі саясат белімі Жаңастар ресурстары орталығы арасында түзуе мекемелерінен босап шыққан және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазага сотталған адамдарға әлеуметтік, құқықтық қомек беру мақсатында екі жақты өзара ынтымақтастық келісімге қол қойды.

Екі тарап жаза басып қателік жасағандар қайта қылмыс жасамағанда үшін әртүрлі іс-шаралар үйімдестіруды жоспарлап отыр. Түркістан қалалық ПҚБ бастығының орынбасары Әділет Ерманов пен қалалық ішкі саясат белімі «Жаңастар ресурстары орталығы» КММ-і басшысы орынбасарының міндептін атқарушы Намазхан Құдrettolla үстімізегі жылдың соына дейін атқарылатын істерді талқылады.

Сонымен қатар, алдағы уақытта екі тарап пробация қызметінде

тіркеуде түрған сотталғандардың заңмен немесе сотпен белгіленген міндептерінің орындалуын бақылау мақсатында іскерлік қатынасты нығайту бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты нығайту жөнінде осы келісім шартты түзді.

Аталаған келісім екі жақта да тиімді болады деген сенімдемін. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық қомек көрсетеміз. Сонымен қатар, қаладағы жастармен және қоғамдық үйімдармен бірлесіп әдіste-

мелік, ақпараттық заң және өзге де көмек көрсету арқылы қалалық пробация қызметі болімінің есебінде түрған адамдар арасында ішімдік, салауатты өмір салтын енгіземіз. Сондай-ақ, тіркеуде түрғандарды қоғамдық пайдалы жұмысқа қайтару бағытында жұмыстар жүргізледі. Пробация қызметінің есебінде түрған жаңастар санатына кіртін сотталған адамдарға біліктілігін көтеру немесе қайта даярлау курстарынан өтінен жәрдемдесеміз. Сотталғандарды қоғамға бейімдеу мақсатында әртүрлі көмек қолын созамыз, – деді «Жаңастар ресурстары орталығы» КММ-і басшысы орынбасарының міндептін атқарушы Намазхан Құdrettolla.

– Әрине, біздің ен басты мақсатымыз өмірде қателікке ұрынып, пробация қызметінің бақылауына алынған адамдарды қоғамға бейімдел, олардың қайта қылмыс жасамауына, өмірден өз орындарын табуына жол сілтөу. Үкіметтік және үкіметтік емес мекемелер арасындағы келісімнің арқасында көптеген іс атқарылып келеді. Пробация қызметінің тіркеуде алынған әрбір сотталғаннан жағдайымен танысамыз. Олардың отбасына қажетті көмекті көрсетуғе тырысамыз. Сонымен қатар, алдағы уақытта жастар үйімдарының бірлескен жұмыс жоспарын әзірлеу басты назарда. Әкімдікке қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық құптал ету шараларын орындалып мекемелер мен органандардың қызметіне жәрдемдесу. Сондай-ақ, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті үйімдастыру бойынша құқық ғұзушылық профилактикасы жөнінде ведомствоаралық комиссиясына қатысу үшін шақыру туралы ұсыныс енгізу болып табылады, – деді Түркістан қалалық ПҚБ бастығының орынбасары Әділет Ерманов.

**Раушан НАРБЕК  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

## ТЕМІРҚАЗЫҚ

## КИЕ

## АСЫЛ ҚАЗЫНАНЫ АРДАҚТАУ ПАРЫЗ

Тіл – ұлттың аса игілікті өрі оның өзіне тән ажырамас белгісі. Қазақ тілін дамыту еліміздің стратегиялық бағыты. Бүгінгі таңда еліміздің тіл туралы саясатын жүзеге асыру мақсатында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мемлекеттік тіл – тек қазақтың тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ұтаралық, ортақ тілі.

Тілге құрмет – елге құрмет. Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, сондықтан да өз тілімізде сөйлеу басты парызымыз. Тілді өркендеп – баршының ісі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың ызын биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекеттің тілге деген жаһанырылғы басым. Қоғам қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің басты басымдығы болып қала береді. Сондықтан-да, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс асыа едәүір кенейіп келе жатыр деп айтуда тоғыз негіз бар.

Қазақстанда тіл саясаты мемлекеттің тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдерге жағдай жасауға бағытталған. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту ел саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді.

**Р.АЙТМАБЕТОВА,**  
**Маңғыстау облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданараптық сотының бас маманы**

## ПӘРМЕН

## ШЕШІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ



**А.САКЕНОВА,  
Алакөл аудандық №2  
сотының кеңе бас маманы-  
сот отырысының қатшысы**

Сот актілері қолданыстардағы зандарда белгіленген тәртіpte дереу орындалуға жататындарын қоспағанда, әндиң күшіне енгіз

Соттың шешімі әндиң күшіне енгізгеннен кейін атқару парағы беріледі. Ал, егер де бірнеші сатындағы соттың шығарған шешімінде апелляциялық немесе наразылық білдірген жағдайда, шешім, егер оның күші жойылмаса, онда апелляциялық және кассациялық қауалы шығарылған күннен бастап әндиң күшіне енеді.

Әндиң күшіне енгіз соттың шешімі мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, әндиң тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндепті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында да сөзсіз орындалуға жатады. Үкім орындалғаннан жағдайда қылмыстық жауапкершілік жүктеледі.

Атқару парағтарының жоғалып кеткені жөнінде Алакөл ауданы-

ның №2 сотына акт жолданып жатады. Осында олқылықтар әндиң күшіне енгіз сот шешімдерінің орындалуына кедергісін көлтіреді. Сондықтан кемшіліктерді болдырмау мақсатында жолданған хаттарға үақытылы жауап беріп немесе үақытылы қайтарып тұруса артық болmas еді.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

## СОТ КАБИНЕТІ

## ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

«Сот кабинеті» – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе, сот ісін жүргізуі жеңілдегі жаңа азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервис арқылы енді азамат, оның қорғаушысы, өкілі немесе заңгер кез келген ынфайлы үақытта, үйнен немесе кеңеден шықпай-ак, интернет желісі арқылы сот құжатын сондай-ак, істегі мәртебесін көре алды және сот актісінен шығарылған алуға мүмкіншілігі бар.

Сотқа жүгінген әрбір азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін «Халықта қызмет көрсету орталығында» электрондық цифров қолтаңба алуы қажет. Сот кабинеті сервисі арқылы әндиң тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселеін шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточасы арқылы бажды төлеу, сондай-ак, төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарынан танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың реңесі сайтында іске қосылған. Аталаған қызметтерді электрондық цифров қолтаңбы аралықтың сканерінде өткендегі құжаттарынан танысу үшін қызметтердің сканерлерінде өткендегі құжаттарынан танысу үшін қызметтердің сканерлерінде өткендегі құжаттарынан танысу үшін қызметтердің сканерлерін

ҚҰНДЫЛЫҚ

# ҰЛТ АБЫРОЙЫ

Жалпы, еліміздің сот жүйесі Тәуелсіздік жылдарынан бері күрделі реформаларды басынан откерді.

Сот төрелгін жүзеге асыратын сұдьялардың басым бөлігі мемлекеттік тілді еркін менгерген. Әділ сот жүйесінің жұмысы әлемдік стандарттарға сәйкестендіріліп, сottын тәуелсіздігін кепілдендеретін құқықтық тетіктер енгізіл жатыр. Жоғарғы Сот тарапынан судьялықта үштікерлерді іріктеу кезінде қазақ тілін менгерген тұлғаларға басымдық берілетіндігі қуантады.

Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында сот саласында жыл сайын әртүрлі байқаулар өткізіледі. «Мемлекеттік тілдегі ен үздік сот отырысы», «Ен үздік мемлекеттік қызыметші», «Ен үздік ме-

диатор» байқаулары үйімдастырылды. Прокуратура, қорғаушылар, медиаторлар, сот орындаушылары, заңгерлердің және мемлекеттік мекеме басшыларының қатысуымен дөңгелек үстелдер, ай сайын «Ашық есік» құндері, семинарлар өткізіледі. Бұқаралар ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде Ана тіліміздің мәртебесін арттыру үшін мақала-материалдар жариялануда. Олардың барлығы мемлекеттік тілдің дамуына өз септігін тигізуде.

Жасырытыны жоқ, әкімшілік құқық бұзушылық тұралы істер ресми тілде көп-теп түсүде. Мәселен, Орал қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 4653 іс орыс тілінде, 2878 іс қазақ тілінде, ал 2021 жылы істердің 2408-і қазақ тілінде, 4551-і ресми тілде түскен. Биылғы жыл



басталғалы түскен 393 іс мемлекеттік тілде, 491 іс ресми тілде тіркелген.

Тілді үйрену мен сөздік қорды кеңейтуге қаізіргі таңда мүмкіндіктер мол. Заманауи технологиялар, онлайн білім алу, қазақша онлайн сөздіктер, әдеби кітаптар сауатты сөйлеуге қолдау болмақ.

**Г.АМАНТАЕВА,  
Орал қалалық әкімшілік  
құқық бұзушылықтар  
жөніндегі мамандандырылған  
сотының кеңсе менгерушісі**

былданған процесуалдық шешімге шағымдану құқығын түсіндіру міндетті. Осылайша, құқық бұзушылықтың кім қарастыру керектігіне қарамастан, етіншіт кез келген полиция басқармасына немесе бөліміне беруге болады.

Егер етінші қабылданбаса, полиция бөлімі орналасқан аумақтық прокуратураға немесе Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің жергілікті басқармасына жүргіну керек (Алматы қаласы бойынша телефон номері +7 727 2734294, 8776-000-98-06). Бұл жағдайда, егер мүмкін болса, жауапты тұлғалардың бас тартқанын растайтын күәгерлердің болуы немесе осы фактінің бейне немесе дыбыстық жазбы болған жөн. Прокуратура органдары етіншіт қабылдаудан бас тарту фактын анықтаған кезде, прокурормен тиісті шара қолданылады. Етіншіт қабылдаудан бас тартқаны үшін полиция қызметкери тәртіптік жазаға тартылады және келесіде қайталанған жағдайда, қызметтін босатылуы мүмкін.

**Н. НАУРЫЗОВ,  
Алматы қаласы  
бойынша құқықтық  
статистика және арнайы  
есепке алу комитеттің  
басқарма прокуроры**

БІЛГЕН ЖӨН

## ПОЛИЦИЯ АРЫЗДЫ ҚАБЫЛДАУЫ КЕРЕК

Полиция органына қылымыс немесе оқиға болғаны туралы шагымданған кезде, арызды тіркеумен қатар жедел кезекші бөлімі етінші берушіге хабарлама-талонын береді. Хабарлама-талон екі бөліктен тұрады: қылымыстық құдалау органында қалатын хабарлама және талонның артқы жағында етінші берушіге берілетін ескеरту талоны.

Ескерту талонының артында келесі мәліметтер көрсетілген: <http://service.pravstat.kz> интернет-ресурсының мекенжайы, 1012 (SMS қызымет), 8-800-080-7777 (қалалық телефон), 1414 (ұялы телефон), және етіншіті қабылдаған қылымыстық құдалау органының телефон нөмірлері. Етінші беруші сол арқылы өзіне көрекti ақпаратты ала алады

Егер сіз полиция бөлімінде келген болсаңыз және қандай да бір себеппен олар етіншіті қабылдаудан бас тартса немесе сізді мекенжайынан бойынша басқа полиция бөліміне жіберген болса, «басқа орган немесе басқа бөлім осындағы қылымыстарды тергеп жатыр» немесе «уақыт жағынан ерте шағымдану керек», «жұмыс күні аяқталды» және «етінімдер бүгін қабылданбайды» деген сүл-

тау айтқан жағдайда келесіні білуіңіз қажет.

Яғни, полиция қызметкерлерінің әрекеті «Қылымыстық құқық бұзушылықтар туралы мәлімдемелерді, хабарламаларды немесе баяннтарды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ, сottқа дейінгі тереңеудің бірынғай тілімін жүргізу ерекшелік тұралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 бүйрүгімен реттеледі. Қылымыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды немесе келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылымыстар туралы басқа ақпаратты, олардың жасалу орны мен уақытына, аумақтылығына, сондай-ақ, хабарланған малімнәттердің толықтырына қарамастан қабылдауды полиция органы

ның кезекші бөлімі тәулік бойы жүзеге асырады.

Кезекші бөлім қызметкерлеріне тіркеуге тиісті шараларды қабылдау үшін, етіншіштерді «Qamqor.gov.kz» интернет-ресурсы арқылы жиберуге мүмкіндік қарастырыланған. Егер сіздің етіншішің қарасуыз қалдырылса, сізге жаbzаша тұрде себебі түсінірілген хабарлама келу қажет.

Сондай-ақ, Сіз өз етіншінде пошта арқылы жибере аласыз, бұл жағдайда ол кіріс хат-хабардың жалпы ережелеріне сәйкес полиция бөлімінде тіркеледі, содан кейін ол 24 сағат ішінде Ақпаратты есепке алу жөніндегі комитеттің жергілікті басқармасына жүргізу керек (Алматы қаласы бойынша телефон номері +7 727 2734294, 8776-000-98-06). Бұл жағдайда, егер мүмкін болса, жауапты тұлғалардың бас тартқанын растайтын күәгерлердің болуы немесе осы фактінің бейне немесе дыбыстық жазбы болған жөн. Прокуратура органдары етіншіт қабылдаудан бас тарту фактын анықтаған кезде, прокурормен тиісті шара қолданылады. Етіншіт қабылдаудан бас тартқаны үшін полиция қызметкери тәртіптік жазаға тартылады және келесіде қайталанған жағдайда, қызметтін босатылуы мүмкін.

**Орнандауыш қабылданған шешім туралы етінші берушіге жаbzаша тұрде хабарлау-фа, сонымен бірге оған қа-**

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «DANIYAROFF» ЖШС (БСН 150140000101) өзінің еркіті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Солтүстік өндірістік аймағы, 49А, тел. 87018320707.

3. «Ломбард «РеFАС» ЖШС (БСН 220340022274) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға (ломбард қызыметі) 20.05.2022 ж. берілген №14.22.0002.Л лицензиясының қолданылуын еркіті түрде тоқтатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Ак. Чокин көшесі, 42.

Тел. 8(7182)324702.

6. «Darksides» ЖШС, БСН 220640040065, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 28А ықшамауданы, «Сұңқар» гараж қоғамы, 23 ғимарат.

ЖШС «Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (хұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банкіті жаңында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Караганды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (712) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөліме.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөліме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е.Әуэлбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (712) 25-77-17, 8 (747) 8090704.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (712) 32-47-67, 32-49-04.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Султан қ., Абай көшесі, 78, 105-көнеш. Тел.: 8 (712) 52-02-11, 8 (702) 839-90-86.

ЖК «Sagidollina B.», 1 Теміржол вокзали, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardwaka\_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жетे» ЖШС, Талдыкорған қ., ш/а, Моладежный 3-йү, 1-п. Тел.: 8 (7282) 24-49-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фарағ 119-үй, 407-А бөлім. Тел./факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Хас Отаяу» ЖК Қыдыраева Н.Н. Қызылорда қ., Әйткең бек көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78.

ЖК Тажибаева, Тарас қаласы, Қойкелді көшесі, 158 ә. XKO аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавлов қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-кабат. Тел.: 87152 46-77-8, 77-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тарас қаласы, Төле би көшесі, 73 (аудалдан кіру). Тел.: 8 (7262) 50-2222, үялы тел.: 8701947336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Әскемен қаласы, 60. Тел.: 8 (7232) 578414, үялы тел.: 87772256506.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТИН ОРЫНДАР:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журнадарға және салттарға хабарландыруды қабылдау агентті: 8 (727) 327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 [www.gazetisaity.kz](http://www.gazetisaity.kz), e-mail: vsegazet@mail.ru

Алматы қ., Абылай хан дән., 60, Мақатаев көшесі, 208 көнеш.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай

